

Аса көрнекті жазушы, белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың, «Түркі дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, бүгінгі қазақ әдебиетінің қолбасшыларының бірі Мұхтар Мағауин ағамыздың 75 жыл толуына орай Оңтүстік Қазақстан облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында «Жазушының насихаты-оның көркем шығармасы» атты іс-шара болып өтті. Кітапханашы Ә.Әбжаппар ақынның өмірбаянынан оқырмандарымызды хабардар етті. Туысынан қабілетті, талапты бала жасынан кітапқұмар, білімге құштар болып өседі. Барлық пәнді өте жақсы оқумен қатар әдебиетке деген ынтасы ерте оянган Мұхтар мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қазақ әдебиетінің мол қырынан сусындап, әлем әдебиетінің үздік үлгілерімен танысып үлгерді. Мектепті алтын медальмен аяқтап, Қазақ мемлекеттік университетін үздік бітіріп оның аспирантурасын тамамдаған Мұхтар қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті бойынша зерттеу жүргізіп, диссертация қорғауының нәтижесінде әдебиеттану ғылымына аса маңызды ғылыми жаңалық қосты. Мұхтар Мағауин сирек кездесетін білімдар, ғұлама ғалым, әмбебап қаламгер. Оның әдебиет зерттеушілігі, тарихшылдығы, қосымшасыздығы бірімен бірі кірігіп жатқан бірлікте, ажыратуға келмейтін тұтастыққа көрініс табады. Жазушының әр бір жазған туындысын алсаңыз негізгі түйіні қазақ тағдыры, ұлттық болмысы, бабалар онегесі, ұрпақ болашағы, тіл мен діл жайындағы ойларға барып тіреледі. Оқу залында жазушының қысқаларынан шыққан туындылары, еңбектері және баспасөз беттеріне жарияланған мақалалары қойылған үлкен қорға ұсынылды. Оқырмандар өздеріне қызықты болған шығармалары жөнінде пікір таластырып ойларын білдіріп жатты. Осы кезде айта кететін жайт кітапханамыздың оқырмандары өз көздері мен оқи алмаса да жазушының дыбысталған кітаптарын алып оқып шыққан екен. Тағдырынан теберіш көрген біздің арнайы кітапханамыздың оқырмандары үшін осындай жазушы ағаларымыздың қолынан шыққан туындылары жүректеріне, қондырына үлкен жылу береді.

**(ОҚО арнайы кітапханасының қызмет көрсету бөлімі )**

Іс-шара 4 ақпан 2015 ж. өтті

# «Жазушынын насихаты – онын көркем шыгармасы» (Жазушы М.Магауиннын туганына 75 жыл)

Авторлар: спецbib

10.02.2015 10:00 - Жанартылган 10.02.2015 10:12

---

